

Орталықта жасанды интеллект саласындағы ғылыми зерттеулер мен білім беру бағдарламалары жүргізіліп, стартап-бастамалар мен басқа да қолданбалы шешімдердің енгізілуіне жағдай жасалады.

Іске асырылып жатқан жобалар ЖИ технологиясын мемлекеттік секторда, бизнес және күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Жалпы, Орталық Мемлекет басшысының Қазақстанды технологиялық, заманауи және бәсекеге қабілетті елге айналдыруды көздейтін стратегиялық бағдарын орындау мақсатында құрылған.

Президент Орталықты аралау барысында Astana Smart City жобасының іске қосылғанына куә болды. Бұл – интеллектуалды қала инфрақұрылымының жаңа буынын қалыптастыратын маңызды бастама. Presight. AI компаниясының бас директоры Томас Прамотедхам қала жүйелері мен деректерді нақты уақыт режимінде біріктіретін бір-біріне байланысты AI-платформаны, сондай-ақ оның шаарды басқару тиімділігін арттыру барысындағы қолдану мүмкіндіктерін таныстырды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар білім беру бастамасын іске қосу рәсіміне қатысты.

Президенттің тапсырмасымен 2024 жылы Astana Hub жанынан Tomorrow School жасанды интеллект мектебі құрылған болатын. Енді оның табысты тәжірибесі ел көлемінде таратылмақ.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АЛЕМ.АІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫ

Мемлекет басшысы телекөпір арқылы 14 өңірдегі Tomorrow School мектептерінің желісін ашты. Бұл мектепте көмелет жастан асқан, соның ішінде ақпараттық технология саласына жаңа қадам басқан азаматтар тегін білім алады.

Қазақстанда инновациялық білім беру саласында тың серпін берген Tomorrow School жобасы енді елдің барлық өңірін қамтуға бет алды.

Бағдарламалау мен жасанды интеллект бағытындағы бұл бірегей мектептің ауқымын кеңейтуге Қасым-Жомарт Тоқаев қатысқан телемост барысында ресми түрде бастау берілді. Іс-шара Alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығы алаңында өтті.

Tomorrow School – Қазақстандағы peer-to-peer қағидатына негізделген алғашқы IT мектебі. Бұл модельде дәстүрлі оқытушылар мен лекциялар болмайды: қатысушылар бір мезетте әрі үйренуші, әрі тәлімгер рөлін атқарады. Мұндай тәсіл білім алушылардың дербестігін



Президент
Қасым-Жомарт Тоқаев
AI экожүйесін
дамытуға арналған
негізі алаң саналатын Alem.ai
халықаралық жасанды
интеллект орталығын
аралап көрді.

арттырып, командада жұмыс істеу, сыни ойлау және жауапкершілік дағдыларын қалыптастырады.

Жоба Alem.ai Foundation бастамасымен, Astana Hub экожүйесінде және Alem.ai орталығы базасында жүзеге асырылуда. Оның негізіне IT-білім беру саласындағы жаңашыл маман Никола Садирак әзірлеген халықаралық O1 Edu платформасы алынған.

Бүгінде Tomorrow School кампустарын Қазақстанның бірқатар өңірлерінде, соның ішінде Шымкент қаласында және түрлі облыстарда ашуға

дайындық жүргізілуде. Жыл соңына дейін жоба еліміздің барлық аймағын қамтиды деп жоспарланып отыр. Бұл бастама өңірлік теңсіздікті азайтып, әрбір азаматқа тұрғылықты жеріне қарамастан сапалы IT-білім алуға мүмкіндік бермек.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мадиев жобаның маңызын атап өтіп, оны елдің адами капиталына салынған стратегиялық инвестиция ретінде бағалады. Оның айтуынша, бұл бастама Қазақстанды технологиялық ұлт ретінде қалыптастыруға ықпал етеді және жаһандық бәсекеге қабілетті-

лікті арттырады.

Жобаны іске асыру серіктестік үлгісіне негізделген. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Astana Hub филиалдары және жергілікті атқарушы органдар инфрақұрылымдық қолдау көрсетсе, Alem.ai Foundation білім беру мазмұны мен әдістемесін дамытады. Мұндай өзара ықпалдастық өңірлерде IT мамандарын даярлау қарқынын жеделдетуге мүмкіндік береді.

Astana Hub бас директоры Мағжан Мадиев жобаның нақты нәтижелер беріп жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, мектеп базасында қалыптасқан IT-қоғамдастық қатысушылары стартаптар құрып, халықаралық байқауларда жеңіске жетіп, тіпті оқу барысында шетелдік компаниялардан ұсыныстар алып үлгерген.

Tomorrow School-дың басты ерекшелігі – оның толықтай тегін болуы және 18 жастан асқан барлық азаматқа қолжетімділігі. Тіпті IT саласына жаңадан қадам басқан адамдар да қатыса алады. Қазіргі таңда жобаға 20 мыңнан астам өтінім қабылданып, жүздеген студент негізгі оқу бағдарламасы бойынша білім алуда.

Оқу бағдарламасы 18 айға созылады және толыққанды IT мамандық даярлауға бағытталған. Қатысушылар 50-ден астам практикалық жоба орындап, Python, JavaScript, Golang және Rust сияқты заманауи тілдерді меңгереді.


Жалғасы 2-ші бетте

Қазақстан өңірлік экологиялық саммит аясында климаттық сын-қатерлерді еңсеруде ғылым мен жасанды интеллектің (ЖИ) үйлестірудің маңызын айқын көрсетіп, халықаралық қауымдастыққа жаңа көзқарас ұсынды. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі «Өңірлік климаттық шешімдерді қалыптастырудағы академиялық және ғылыми қауымдастықтың рөлі» атты панельдік сессияда мәлімдеді.

Министр өз сөзінде саммиттің Мемлекет басшысының қолдауымен өтуі елімізде ғана емес, бүкіл Орталық Азия өңірінде экологиялық күн тәртібінің стратегиялық басымдыққа айналғанын дәлелдейтінін атап өтті. Оның айтуынша, климаттың өзгеруі аймақ үшін ерекше қауіп төндіріп отыр. Әсіресе мұздықтардың жедел еруі, су ресурстарының азаюы және гидрологиялық жүйелерге түсетін қысым ауыл шаруашылығы мен экономика-

ҚАЗАҚСТАН КЛИМАТ ПЕН ТЕХНОЛОГИЯ ТОҒЫСЫНДА

ның тұрақтылығына тікелей әсер етуде. Осы күрделі жағдайда Қазақстан ғылымды негізгі тірек ретінде қарастырып отыр. Елде климат, су ресурстары



және тұрақты ауыл шаруашылығы бағыттары бойынша ондаған ғылыми жобалар іске асырылуда. ЮНЕСКО аясында құрылған Орталық Азия өңірлік гляциологиялық орталығы да осы бағыттағы маңызды зерттеулердің орталығына айналған.

Халықаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейту – күн тәртібіндегі басты

мәселелердің бірі. Қазіргі климаттық сын-қатерлер шекара танымайды, сондықтан зерттеу жұмыстарын үйлестіру, деректермен алмасу және ғалымдардың бірлескен еңбегі аса қажет. Қазақстандық жоғары оқу орындары бүгінде әлемдік академиялық кеңістікке белсенді кірігіп, жетекші университеттер мен ғылыми ұйымдармен бірлескен жобаларды жүзеге асыруда.

Жиында жасанды интеллектің мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылды. Қазақстан ЖИ-ді тек технологиялық артықшылық емес, климаттық мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін құрал ретінде қарастырады. Бүгінде ЖИ климаттық модельдеу, ерте ескерту жүйелері және қоршаған ортаны мониторингтеу салаларында кеңінен қолданылып келеді.

Елдің ғылыми өлеуетін күшейту мақсатында ұлттық академиялық есептеу кластері құрылып, оның қуаты 40 петафлопстан асты. Сонымен қатар, жиынтық қуаты шамамен 4 эксафлопс болатын суперкомпьютерлер іске қосылып, Орталық Азиядағы ең ірі есептеу инфрақұрылымы қалыптасты. Бұл өз кезегінде экологиялық талдау мен болжау сапасын жаңа деңгейге

көтеруге мүмкіндік береді.

Кадр даярлау мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Қазақстан университеттерінде жасанды интеллект пен ретінде енгізіліп, мыңдаған студент осы бағытта білім алуда. AI-SANA бағдарламасы арқылы жүздеген мың жас халықаралық компаниялармен бірлесіп, заманауи технологияларды меңгерді. Бұл бастама елдің цифрлық болашағын қалыптастыруда маңызды рөл атқаруда.

Сонымен қатар, білім беру жүйесінде экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде. Оқу бағдарламаларына енгізілген онлайн-курстар мен цифрлық ресурстар жастардың экологиялық және цифрлық сауаттылығын арттыруға ықпал етуде.

Қазақстан жасанды интеллекті тек қолданушы ел ретінде емес, оны әзірлеуші мемлекет ретінде де дамытуға бет бұрды. Жоғары оқу орындарының студенттері қоршаған ортаны қорғау және ресурстарды тиімді басқару бағытында инновациялық шешімдер ұсынып келеді. Ұлттық жасанды интеллект университетін құру және салалық консорциум қалыптастыру – осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі.

Жалғасы 2-ші бетте

ЧЕРНОГОРИЯ ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫ ҮШІН УАҚЫТША ВИЗАСЫЗ РЕЖИМ ЕНГІЗДІ

Черногория Үкіметі 2026 жылғы 17 сәуірде Қазақстан Республикасының азаматтары үшін уақытша визасыз режим енгізді.

Осылайша, қазақстандықтар ағымдағы жылдың 1 мамырынан 1 қазанына дейін жарамды жол жүру құжаты негізінде Черногория аумағына кіре алады, кесіп өте алады және 30 күнге дейін бола алады.

Ұзақ сапарлар үшін тиісті виза ресімдеу қажет.

ҚАЗАҚСТАН КЛИМАТ ПЕН ТЕХНОЛОГИЯ ТОҒЫСЫНДА

Халықаралық ынтымақтастық аясында Қазақстанға Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсухтың мемлекеттік сапары да ерекше мәнге ие болды. Сапар барысында делегация аем. ai халықаралық жасанды интеллект орталығында болып, еліміздің цифрлық бастамаларымен танысты.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев қонақтарға елдегі GovTech шешімдері, ЖИ экожүйесі және кадр даярлау бағытындағы жобаларды таныстырды. Делегация сондай-ақ Astana Hub инновациялық кластерінің стартаптарымен танысып, олардың ішінде өндіріс, қауіпсіздік және инженерлік шешімдерге арналған бірқатар ЖИ жобаларын көрді.

Сапар аясында ұсынылған Astana Smart City жобасы да ерекше қызығушылық тудырды.

Бұл бастама қалалық инфрақұрылымды біртұтас жасанды интеллект платформасына біріктіріп, басқару тиімділігін арттыруға бағытталған. Жоба «ақылды қала» тұжырымдамасының нақты жүзеге асуын көрсететін үлгі ретінде бағаланады.

Жалпы, Моңғолия Президентінің сапары екі ел арасындағы технологиялық әріптестікті нығайтып қана қоймай, Қазақстанның өңірлік инновациялық хаб ретіндегі рөлін айқындай түсті.

Сөз соңында министр климаттық сын-қатерлерді еңсеру тек бір елдің емес, бүкіл халықаралық қауымдастықтың бірлескен әрекетін талап ететінін атап өтті.

«Экологиялық мәселелер

күтуді көтермейді. Ғылымды, жасанды интеллект және экологиялық мәдениетті біріктіру арқылы біз жедел әрі тиімді шешімдер қабылдай аламыз», – деді ол.

«Тұрақты болашақ - ортақ көзқарас» өңірлік экологиялық саммитіне 15 мыңға жуық елордалық оқушы мен студент қатысты. Іс-шара барысында экологиялық бастамалар мен тұрақты даму мәселелері талқыланды, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Саммит аясында экологиялық жобалардың екі күндік көрмесі ұйымдастырылып, қатысушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы озық өзіндік жобалармен және тәжірибелермен танысты. Шсіресе, өзекті экологиялық мәселелерге нақты шешімдер ұсынған жас өнертапқыштардың бастамаларына ерекше назар аударылды.

Бағдарламаның негізгі оқиғаларының бірі - экологиялық стартаптарды таныстыруға арналған Eco Startup Competition Demo Day алаңы болды. Іс-шара барысында қалдықтарды қайта өңдеу, энергия үнемдеу, баламалы энергия көздерін пайдалану және «жасыл» технологияларды дамыту бағытындағы жобалар ұсынылды.

Ұсынылған бастамалар экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, сондай-ақ болашақта тиімді әрі тұрақты бизнес үлгілерін және «жасыл» экономикаға негізделген жүйелерді дамытуға бағытталған.

Саммиттің өткізілуі білім беру қауымдастығы, сарапшылар мен жас өзіндіктер арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға, сондай-ақ өскелең ұрпақтың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

АЛМА БАҚТАРЫНЫҢ «ҚОРЫ» ЖАҢҒЫРТЫЛМАҚ

Қазақстанға Нидерландтан 7 мыңнан астам алма тамырсабағы (телітуші) жеткізілді. Көшет шаруашылығы дамыған елден әкелінген бұл отырғызу материалы вирус-тардан таза көшет жүйесін қалыптастыруға негіз болады. Ол өнімділікті арттырып, жеміс сапасын жақсартуға мүмкіндік береді, деп хабарлайды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Телітушілерді іріктеу мен жеткізу тұқымдар мен отырғызу материалдарын сертификаттауға маманданған Naktuinbouw халықаралық ұйымының ұсынымдарына сәйкес жүзеге асырылды. Жеткізуші – Vermeerdering-stuinen Nederland компаниясы, ол basic санатындағы өнім ұсынды. Бұл оның жоғары сапасын және халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етеді. Қазақстанға M9, MM106, MM111, B9, M7, P16 және P22 сияқты танымал сериядағы

телітушілер әкелінді.

Сонымен қатар, ел ішінде де белсенді жұмыс жүргізілуде. Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының биотехнологиялық зертханаларында in vitro әдісі арқылы pre-basic және basic санатындағы шамамен 3 мың өсімдік өсірілді. Олардың қатарында отандық селекцияның клондық түрлері бар. Бұл еліміздің ғылыми базасының дамып келе жатқанын және бау-бақша саласындағы өлеуетінің жоғары екенін көрсетеді.

Алматы облысында, «Талғар» филиалы базасында, вирустардан таза телітушілерді өсіруге арналған арнайы базалық учаске құрылды. Бұл нысан сапалы отырғызу материалдарын одан әрі көбейтудің негізгі көзіне айналады. Сонымен қатар, мұнда көлемі 1,5 гектар болатын аналық-қалемшелік бақ қалыптастырылуда. Бұл

ел ішінде көшет өндіру көлемін едәуір арттыруға және импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

Жобаның маңызды бағытының бірі – алма сорттарының ассортиментін кеңейту. Қазақстанға Gala, Fuji, Golden Delicious, Granny Smith сияқты сұранысқа ие коммерциялық сорттармен қатар RubINETTE, Toraz және Baуa Marisa секілді заманауи селекциялық жаңалықтар да әкелінді. Қазіргі уақытта олар жергілікті жағдайда сынақтан өтуде.

Жоба ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің қолдауымен ғылыми-техникалық бағдарлама аясында жүзеге асырылуда. Вирустардан таза отырғызу материалдарын енгізу бау-бақша саласындағы шығындарды азайтып, өнімділік пен сапаны арттыруға, сондай-ақ аграрлық сектордың экспорттық өлеуетін күшейтуге мүмкіндік береді.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АЕМ.АІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫ

Сонымен қатар жасанды интеллекттің негізгі бағыттары – машиналық және терең оқыту, деректерді талдау, компьютерлік көру қамтылған.

Бағдарлама соңында студенттер өз бағытын таңдап, AI-инженер, бағдарламашы немесе киберқауіпсіздік маманы ретінде қалыптасады. Бұл өз кезегінде еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие кадрларды даярлауға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, Tomorrow School жобасының кеңеюі Қазақстанда IT және жасанды интеллект саласында тұрақты кадр даярлау жүйесін қалыптастырып, цифрлық экономиканың дамуына жаңа серпін бермек. Сонымен қатар бұл бастама өңірлердегі технологиялық қауымдастықтардың дамуына ықпал етіп, елдің инновациялық өлеуетін арттыруға бағытталған маңызды қадам болып отыр.

Тағы бір білім беру алаңы – цифрлық және шығармашылық дағдыларды меңгергісі келетін 12-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған TUMO Astana креативті технологиялар орталығы. Мұнда генеративті

жасанды интеллект, бағдарламалау, ойын ойлап табу, анимация, 3D-модельдеу, роботты техника, киноөнім және цифрлық музыка секілді 11 техникалық және креативті бағыт бойынша білім беріледі.

Бұдан бөлек, Президентке AI Research University тұжырымдамасы таныстырылды.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, зерттеу университеті Alem.ai базасында орналасады. Студенттер alem.cloud, AlemLLM секілді ұлттық жасанды интеллект инфрақұрылымын және Astana Hub ресурсын пайдалана алады. Оқу үдерісін биыл 1 қыркүйектен бастап жоспарланып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Болашақ ойындары-2026» халықаралық турниріне дейінгі кері санақты интерактивті форматта іске қосты. Фиджитал-атлеттер арасындағы дода Астана қаласында 29 шілде мен 9 тамыз күндері аралығында өтеді.

Мемлекет басшысына отандық StartupPay жүйесін пайдалану арқылы Қазақстандағы алғашқы криптовалютамен төлеу үрдісі көрсетілді.

Шолушы.

ЭНЕРГЕТИКА КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ИПОТЕКА БЕРІЛЕДІ

«Көмір генерациясын дамыту» ұлттық жобасы аясында энергетика саласының кадрлық тұрақтылығын қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады. Жаңа электр станцияларын салу және қолданыстағы генерациялаушы қуаттарды жаңғырту жобаларын іске асыру энергетика саласының кадрлық өлеуетін жүйелі түрде нығайтуды талап етеді, деп хабарлайды ҚР Энергетика министрлігі.

Қазіргі уақытта генерация секторында бірқатар құрылымдық мәселелер байқалады, оның ішінде қызметкерлердің орташа жасының жоғары болуы, білікті мамандар тапшылығы және заманауи цифрлық технологиялар

мен автоматтандыру саласында құзыреттері бар жас мамандардың жеткіліксіз келуі бар. Осыған байланысты кадрлық ресурстарды дамытуға бағытталған кешенді шаралар қарастырылған. Негізгі бағыттардың бірі – кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру. Энергетика кәсіпорындарының қызметкерлерін қайта даярлау және оқыту бағдарламаларын кеңейту жоспарлануда, оның ішінде заманауи басқару жүйелерімен жұмыс істеу, цифрлық технологиялар, өнеркәсіптік қауіпсіздік және экологиялық стандарттар бойынша білім беру көзделген.

Сонымен қатар энергетика саласының тартымдылығын арттыру бойынша жұмыс

күшейтіледі. Атап айтқанда, еңбек жағдайларын жақсарту және қызметкерлердің өлеуметтік пакетін дамыту бойынша шаралар қарастырылған.

Қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Энергетика кәсіпорындарының қызметкерлерін баспанамен қамту үшін жұмыс берушілердің қатысуын көздейтін «Отбасы банк» АҚ-ның «Корпоративтік» бағдарламасы негізінде жеңілдетілген несиелеу тетіктерін пайдалана отырып, корпоративтік тұрғын үй бағдарламаларын енгізу жоспарланған.

Аталған шараларды іске асыру жас мамандарды тартуға, кадрлардың біліктілік деңгейін арттыруға және жаңа өрі жаңғыртылған энергетикалық қуаттарды тиімді пайдалануға қажетті тұрақты кадрлық базаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«DIGITAL QAZAQSTAN» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ӘЗІРЛЕНДІ



Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында экономика саласына жасанды интеллект енгізу мәселелері қаралды, деп хабарлайды UKIMET телеграм арнасы.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Digital Qazaqstan» жалпыұлттық стратегиясының жобасы әзірленді. Ол жаппай цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын барынша енгізуді мақсат етеді. Аталған құжат алдағы уақытта саланың ұзақ мерзімді даму бағдарына мүлдем жаңа көзқарасты қалыптастырып, қойылған мақсат-міндеттерді жүзеге асыру шараларын үйлестіруге мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы жариялаған Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында біз экономиканы цифрлық трансформациялауға айтарлықтай серпін беруіміз қажет», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Түркістан төрінде табиғатты аялау мен экологиялық мәдениетті орнықтыруға бағытталған игі бастамалар өз жалғасын табауда. Осы ретте Түркістан қаласында республикалық Таза Қазақстан бағдарламасы аясында ауқымды ағаш егу акциясы ұйымдастырылды. Шараның басты мақсаты – өңірдің экологиялық ахуалын жақсарту, жасыл желек қорын молайту және қоғамда табиғатқа жанашырлық көзқарасты қалыптастыру.

Аталған акцияға елдің рухани және қоғамдық өмірінде айрықша орны бар тұлғалар қатысты. Атап айтқанда, Наурызбай Тағанұлы Тағанов, Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшерев, сондай-ақ құқық қорғау органдарының басшылары, дін гұламалары мен зиялы қауым өкілдері, ясауитанушы ғалымдар бір алаңда бас қосып, ортақ іске үлес қосты. Бұл – табиғатты қорғау ісінің қоғамның барлық



БАС МҮФТИ ТҮРКІСТАНДА АҒАШ ЕКТІ

саласын біріктіретін маңызды құндылыққа айналғанының айқын көрінісі.

Игі шара барысында қатысушылар қолдарына күрек алып, жас көшеттерді отырғызды. Шрбір егілген ағаш – келешек ұрпаққа қалдырылған жасыл мұра, экологиялық жауапкершіліктің нақты белгісі. Мұндай бастамалар тек көгалдандырумен шектелмей, халықтың табиғатқа деген жанашырлығын арттыруға, қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Жалпы, Таза Қазақстан бағ-

дарламасы бастау алғалы бері Түркістан облысында ауқымды жұмыстар атқарылды. Соңғы екі жыл ішінде өңірде 2 миллионнан астам ағаш отырғызылып, 11 саябақ, 8 сквер және 4 аллея пайдалануға берілді. Сонымен қатар «Мөлдір бұлақ» акциясы аясында 155 бұлақ пен 77 өзен арнасы тазартылып, табиғи су көздерін сақтау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Биыл да бұл игі дәстүр жалғасын тауып, облыс көлемінде 1 миллионнан астам ағаш отырғызу жоспарланып отыр. Бұл – Түркістан өңірінің экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған нақты қадамдардың бірі.

Табиғатпен үндес тіршілік ету – ұлт болашағының кепілі. Осы тұрғыда «Таза Қазақстан» бастамасы тек экологиялық жоба ғана емес, елдің санасына серпін беретін, ортақ жауапкершілікті ұлықтайтын маңызды қозғалысқа айналып келеді.

ШІЛДЕДЕ 50 МЫҢ БАС ІРІ ҚАРАҒА АРНАЛҒАН БОРДАҚЫЛАУ КЕШЕНІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Өңірде агроөнеркәсіп кешеніндегі ірі инвестициялық жобалардың бірі – 50 мың бас ірі қара малға арналған бордақылау кешенінің құрылысы жүргізілуде. Нысанды толық қуатына шығару 2026 жылдың шілде айына жоспарланған.

Жоба «Turkestan Agro.kz» ЖШС базасында іске асырылуда және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, экспортқа бағытталған өндірісті дамытуға, сондай-ақ отандық агроөнеркәсіп бөсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Жобаны іске асыру мемлекеттік қолдау шаралары мен жеке инвестицияларды тарту арқылы кезең-кезеңімен жүргізілуде. Бірінші кезеңде бордақылау кешенін салуға 2,9 млрд теңге бағытталды, қосымша 1,5 млрд теңге жеңілдетілген қаржыландыру құралдары аясында жаңбырлатып суару жүйелерін енгізуге бөлінді. Қазіргі таңда жоғары өнімді 30 мың бас мал сатып алынып, оны кезең-кезеңімен жобалық қуат – 50 мың басқа дейін жеткізу көзделген.

Екінші кезеңде мемлекеттік қолдау көлемі 5,9 млрд теңгені құрады, сонымен қатар жеке инвестициялар тарту жалғасуда.

Кешен заманауи, еуропалық деңгейдегі технологиялармен жабдықталуда. Барлық өндірістік процестер – азықтандыру, күтіп-бағу және ветеринарлық қызмет көрсету – автоматтандырылған және тиімділік пен биологиялық қауіпсіздік бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Өндірістік цикл малдың күйзелісін азайтып, өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін австралиялық тор қағидатына негізделген технология бойынша ұйымдастырылған.

Жоба аясында тұрақты жемшөп базасын қалыптастыруға ерекше назар аударылған. 4710 гектар аумақта заманауи жаңбырлатып суару жүйелері енгізілген. Күн сайынғы жемшөп дайындау көлемі 500 тоннаға дейін жетеді.

Сонымен қатар сағатына 20 тонна түйіршіктелген жем өндіретін құрамажем зауыты іске қосылған. Болашақта жылына 1 млн тонна жем өндіретін зауыт салу жоспарлануда.

Кәсіпорында сумен жабдықтаудың заманауи жүйелері және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес қалдықтарды экологиялық қауіпсіз кәдеге жарату жүйелері енгізілген.

Қазіргі кезеңде 30-дан астам жұмыс орны құрылған, ал кешен толық қуатына шыққанда бұл көрсеткіш 100 жұмыс орнына дейін ұлғаяды.

Жоба инвесторы Сырым Ертаевтың айтуынша, өндірілген өнім қазірдің өзінде Қазақстанның ішкі нарығына жеткізіліп, сондай-ақ Өзбекстан мен Тәжікстанға экспортталуда.

Орта мерзімді кезеңде Түркия және басқа да елдердің нарығына шығу жоспарланып отыр. Бұл экспорт географиясын кеңейтіп, экспорттық түсімді арттыруға мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта жоба аясында бір ауысымда 1500 бас ірі қара және 5000 бас ұсақ мал өңдейтін ет өңдеу кешенін салу көзделген. Сонымен қатар өнімді терең өңдеу арқылы қосылған құны жоғары дайын өнімдердің кең асортиментін шығару жоспарлануда. Аталған өнімдер ішкі нарықпен қатар Қытай мен Түркия сияқты сыртқы нарықтарға бағытталмақ.

«ИНКАЙ» КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Түркістан облысының өндірістік әлеуеті мен әлеуметтік серпіннің айқын көрінісіне айналған ірі кәсіпорындардың бірі – «СП «Инкай» ЖШС өзінің 30 жылдық мерейтойын кең көлемде атап өтті. Осыған орай өңір басшысы Нұралхан Көшерев жұмыс сапарымен Созақ ауданына арнайы барып, тарихи маңызы зор салтанатты жиынға қатысты.

Аймақ басшысы алдымен кәсіпорынның өндірістік қуатымен ғана емес, қызметкерлерге жасалған әлеуметтік жағдайлармен де танысты. Заманауи спорт кешені, кең өрі жайлы асхана, тынығу аймақтары, тұрғын блоктар мен жаттығу залдары – мұның барлығы өндіріс мәдениеті мен еңбек адамына деген құрметтің нақты көрінісі. Сонымен қатар мерейтой құрметіне орнатылған еңселі монументтің ашылу рәсімі өтіп, бұл сәт кәсіпорын тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі ретінде айшықталды. Құрметті қонақтар арнайы кітапқа естелік қолтаңбаларын қалдырып, ізгі тілектерін білдірді.

Салтанатты жиында сөз алған облыс әкімі Нұралхан Кө-



шерев кәсіпорын ұжымын айтулы мерекемен құттықтап, «Инкай» компаниясының өңір экономикасындағы стратегиялық маңызын ерекше атап өтті. Ол өз сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев айқындап берген өндірістік даму мен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру бағытындағы саясаттың маңыздылығына тоқталып, осы талап үдесінен табылып отырған «Инкай» кәсіпорнының еңбегіне жоғары баға берді.

– «Инкай» – тек өндірістік көрсеткіштерімен ғана емес, ел игілігіне бағытталған әлеуметтік бастамаларымен де ерекшеленетін бірегей кәсіпорын. Отыз жыл ішінде компания өңірдің инфрақұрылымын дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, білім мен денсаулық сақтау салаларын қолдауға қомақты үлес қосты. Бұл – бизнестің қоғам алдындағы жауапкершілігінің нақты үлгісі, – деді өңір басшысы.

Расында, кәсіпорынның үш онжылдыққа созылған табысты тарихы тек өндірістік жетістіктермен шектелмейді. Жаңа мектептердің бой көтеруі, медициналық мекемелердің жаңғыртылуы, спорт нысандарының салынуы – осының барлығы «Инкайдың» әле-

уметтік серіктестік қағидаттарына адалдығын көрсетеді. Сонымен қатар экологиялық тұрақтылықты сақтау мен елді мекендерді абаттандыру бағытындағы жобалар да компания қызметінің ажырамас бөлігіне айналған.

Мерекелік іс-шара әсерлі концерттік бағдарламамен жалғасын тауып, сахна төрінде танымал өнер ұжымдары өнер көрсетті. Кеш барысында ұйымдастырылған викториналар қатысушылардың қызығушылығын арттырып, жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар табысталды. Бұл шара тек мерейтойлық жиын ғана емес, кәсіпорын ұжымы мен өңір жұртшылығының ортақ қуанышына айналды.

Айта кетейік, «СП «Инкай» ЖШС – еліміздің уран өндіру саласындағы жетекші кәсіпорындардың бірі. Үш онжылдық ішінде компания өндірістік мүмкіндіктерін еселеп қана қоймай, Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін іргелі құрылымға айналды. Бүгінде «Инкай» – тұрақтылық пен дамудың, кәсібилік пен жауапкершіліктің символы ретінде жаңа белестерді бағындыру жолында сенімді қадам басып келеді.

Бетті жинақтап дайындаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК

АУЫЛДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ КҮШЕЙТЕТІН ЖАҢА ӨРТ БЕКЕТІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Түркістан облысының Арыс қаласына қарасты Монтайтас елді мекенінде «Ауыл құтқарушылары» жобасы шеңберінде 167-ші ерікті өрт сөндіру бекеті жұмысын бастады. Бұл бастама ауылдық аймақтардағы қауіпсіздікті арттыруға бағытталған маңызды жобалардың бірі болып есептеледі.

Аталған жоба Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Шрїновтің бастамасымен жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда жоба ел аумағында кезең-кезеңімен енгізіліп, шалғай ауылдарда төтенше жағдайларға жедел әрекет ету мүмкіндігін жақсартып келеді.

Ашылу салтанатына Түркістан облыстық төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Бағдат Чайзада, Арыс қаласының әкімі Қайсар Маңқараев және ауыл тұрғындары мен еріктілер қатысты. Жиын барысында сөз сөйлеген жауапты тұлғалар жаңа нысанның жергілікті халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлін ерекше атап өтті.

Жаңа өрт бекеті жергілікті бюджет қаражаты есебінен тұрғызылған. Нысан заманауи талаптарға сай жабдықталып, тәулік бойы қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ерікті өрт сөндірушілер үшін барлық қажетті жағдай жасалған.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі тарапынан бекет арнайы техникамен қамтамасыз етілген. Оның құрамына автоцистерна, заманауи өрт сөндіру құралдары, арнайы киімдер және байланыс жүйелері кіреді. Бұл құралдар төтенше жағдай кезінде жедел өрі тиімді әрекет етуге жағдай жасайды.

Бұл бекет Монтайтас ауылдық округіне қарасты сегіз елді мекеннің қауіпсіздігін қамтиды. Атап айтқанда, Монтайтас, Атамекен, Шағыр, Ақтас, Қабылсай, 42-разъезд, Бақырша және Тоғансай ауылдарының 7 мыңнан астам тұрғыны осы қызметтің игілігін көре алады.

Мамандардың пікірінше, жаңа бекеттің ашылуы өрт немесе басқа да төтенше жағдайлар кезінде оқиға орнына жету уақытын айтарлықтай қысқартады. Бұл өз кезегінде адам өмірін сақтауға, материалдық шығынды азайтуға және апат салдарын жедел жоюға мүмкіндік береді.

«Ауыл құтқарушылары» жобасы аясында ашылып жатқан осындай бекеттер ауылдық жерлерде қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға, тұрғындардың дайындық деңгейін арттыруға және еріктілік қозғалысты дамытуға оң әсер етуде.



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСУДА



Бүгінде Созақ ауданы аумағында Төтенше жағдайлар бөлімі, 1 мемлекеттік өрт сөндіру бөлімі және 1 өрт сөндіру бекеті үздіксіз қызмет көрсетуде. Аталған құрылымдар аудан тұрғындарының тыныштығын сақтау, кез келген төтенше жағдайға жедел әрекет ету және қауіптің алдын алу бағытында тәулік бойы жұмыс істейді. Сонымен қатар елді мекендердің аумақтық ерекшеліктері мен қашықтығы ескеріліп, шалғай ауылдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінуде.

2025 жылы аудан көлемінде барлығы 157 шығу оқиғасы тіркелген. Оның ішінде 17 өрт оқиғасы орын алып, барлық жағдайда тиісті күштер мен құралдар жедел жұмылдырылды. Мамандардың кәсіби дайындығы мен үйлесімді жұмысының нәтижесінде тілсіз жаудың өршуіне жол берілмей, көптеген материалдық шығындардың алдын алу мүмкін болды. Бұл көрсеткіштер төтенше жағдайлар қызметінің сақадатын айғақтайды.

Өрт қауіпсіздігі саласында тұрғын үй секторына баса мән берілді. Аудан бойынша жеке тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарда профилактикалық түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілді. Мамандар тұрғындарға пеш жағу маусымындағы қауіпсіздік талаптарын сақтау, электр желілерін дұрыс пайдалану, газ құрылғыларын тексеру, балаларды қараусыз қалдырмау және алғашқы өрт сөндіру құралдарын қолдану тәртібі жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Әсіресе қыс мезгілінде улы газдан улану, пештің ақауынан шығатын өрттер мен электр желісінен болатын апаттардың алдын алу мақсатында арнайы рейдтер ұйымдастырылды.

Халық арасында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру

Созақ ауданында төтенше жағдайлардың алдын алу, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тұрғындардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру бағытында соңғы жылдары ауқымды жұмыстар жүзеге асырылып келеді. Аудан көлемінде халықтың өмірі мен мүлкін қорғау, табиғи және техногендік сипаттағы апаттардың алдын алу, материалдық-техникалық базаны нығайту және шалғай елді мекендердің қауіпсіздігін арттыру - негізгі бағыттарының бірі болып отыр. Осы бағытта аудандық Төтенше жағдайлар бөлімі жүйелі жұмыстар атқарып, қауіпсіздік саласының тиімділігін арттыруда.

– маңызды бағыттардың бірі. Осы мақсатта мектептерде, мекемелерде, кәсіпкерлік нысандарда және ауылдық округтерде арнайы кездесулер өткізіліп, жадынамалар таратылды. Әлеуметтік желілер мен ақпарат құралдары арқылы да түсіндіру жұмыстары күшейтілді. Мұндай жұмыстардың нәтижесінде тұрғындардың қауіпсіздікке деген жауапкершілігі артып келеді.

2025 жылы аудан үшін маңызды жаңалықтардың бірі – Бақырлы және Жуантөбе елді мекендерінде екі бірдей «Ауыл құтқарушысы» өрт сөндіру бекетінің ашылуы болды. Бұл шалғай ауылдардың қауіпсіздігін арттыруға бағытталған нақты қадам саналады. Аталған бекеттер төтенше жағдай кезінде алғашқы минуттарда жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Өйткені кейбір елді мекендер аудан орталығынан қашық орналасқандықтан, алғашқы көмек пен шұғыл шаралардың дер кезінде қолға алынуы аса маңызды.

«Ауыл құтқарушысы» жобасы ауыл тұрғындарының өз қауіпсіздігіне деген белсенділігін арттырып, жергілікті жерлерде ерікті жасақтардың құрылуына серпін берді.

Бұл өз кезегінде кез келген қауіпке дайындық деңгейін күшейтіп отыр. Ауылдарда арнайы техникалар мен қажетті құрал-жабдықтардың болуы тұрғындардың алаңсыз өмір сүруіне негіз қалайды.

Төтенше жағдайлардың алдын алу тек өрт сөндірумен шектелмейді. Бұл – табиғи апаттар, көктемгі су тасқыны, боран, қатты аяз, жер сілкінісі, өндірістік апаттар және басқа да қауіптердің алдын алуды қамтитын кешенді жұмыс. Осы мақсатта аудан көлемінде жыл сайын оқу-жаттығулар тұрақты өткізіліп келеді.

2025 жылы «Көктем-2025», «Қыс-2025», «Жер-2025» командалық-штабтық оқу-жаттығулары ұйымдастырылса, 2026 жылы «Көктем-2026» оқу-жаттығуы өткізілді. Аталған шаралар барысында төтенше жағдай кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы, күштер мен құралдардың дайындығы, эвакуациялық жұмыстар, халықты хабардар ету жүйесі және шұғыл шешім қабылдау тетіктері пысықталды.

Мұндай жаттығулардың маңызы зор.

Себебі шынайы қауіп төнген сәтте барлық қызметтердің үйлесімді жұмыс істеуі адам өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Сондықтан оқу-жаттығуларға аудан әкімдігі, полиция, медицина, коммуналдық сала мамандары және еріктілер кеңінен тартылып келеді.

2026 жылы да төтенше жағдайлардың алдын алу бағытындағы жұмыстар сабақтастықпен жалғасуда. Қызметтің материалдық-техникалық базасы нығайтылып, заманауи құралдар мен техникалар кезең-кезеңімен енгізілуде. Бұл апаттардың алдын алуға, өрт ошақтарын дер кезінде ауыздықтауға және жедел әрекет ету мүмкіндігін арттыруға септігін тигізеді.

Сонымен қатар мамандардың біліктілігін арттыру, жаңа технологияларды меңгеру, цифрлық бақылау жүйелерін енгізу бағытында да жұмыстар қолға алынған. Қауіпсіздік саласында уақыт талабына сай жаңару – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

Жалпы алғанда, Созақ ауданында төтенше жағдайлардың алдын алу саласында атқарылып жатқан жұмыстар кешенді өрі нәтижелі сипатқа ие. Халықтың өмірі мен денсаулығын қорғау, мүлктің сақталуын қамтамасыз ету, қауіпсіз орта қалыптастыру және азаматтық қорғау жүйесін жетілдіру бағытындағы бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Қауіпсіздік – баршаға ортақ міндет. Осы тұрғыдан алғанда Созақ ауданында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар өңірдің тұрақты дамуына, тұрғындардың тыныштығына және ертеңгі күнге деген сеніміне қызмет етуде.

Мақсат ТОКСАНБАЙ.

Қазіргі заманда қауіпсіздік мәселесі – тек бір саланың емес, тұтас мемлекеттің тұрақтылығын айқындайтын негізгі факторлардың бірі. Табиғи апаттар, өндірістік қауіптер, тұрмыстық оқиғалар мен күтпеген төтенше жағдайлар адам өміріне ғана емес, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына да тікелей әсер етеді. Осындай сын сағаттарда халықтың жанынан табылып, қауіптің алдын алып, апат салдарын жоюда алдыңғы шепте жүретін сала – төтенше жағдайлар қызметі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында «Азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігі – мемлекеттің басты құндылығы» екенін атап өтіп, бұл бағыттағы жұмысты күшейтуді нақты тапсырған болатын. Бұл – тек мемлекеттік органдарға ғана емес, бүкіл қоғамға жүктелген үлкен жауапкершілік.

Түркістан облысы – географиялық, климаттық және демографиялық ерекшеліктеріне байланысты түрлі қауіп-қатерлер жиі кездесетін аймақтардың бірі. Жаз мезгіліндегі аптап ыстық, құрғақшылық, дала және орман өрттері, көктемгі су тасқыны, тұрмыстық өрттер – мұның барлығы төтенше жағдайлар қызметінің тұрақты назарында. Облыс аумағында халық тығыз орналасқан елді мекендердің көп болуы да қауіпсіздік мәселесін күрделендіреді. Әсіресе жеке тұрғын үйлердегі электр желілерінің тозуы, газ құрылғыларын дұрыс пайдаланбау сияқты факторлар тұрмыстық апаттардың негізгі себептерінің бірі болып отыр. Осыған байланысты Түркістан облыстық төтенше жағдайлар департаменті алдын алу шараларын күшейтіп, халықпен тығыз байланыс орнатуға басымдық беруде. Алдын алу – апатты болдырмаудың жалғыз жолы Төтенше жағдайлардың салдарымен күресуден гөрі, оның алдын алу әлдеқайда тиімді. Бұл – бүгінгі таңда төтенше жағдайлар қызметінің басты қағидасына айналған ұстаным. Облыс көлемінде тұрақты түрде ұйымдасты-

ҚАУІПСІЗДІК - ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

рылатын профилактикалық және практикалық іс-шаралар – осы бағыттағы жұмыстың нақты көрінісі. Түркістан қаласында өткен тәжірибелік іс-шара барысында тұрғындарға қауіпсіздік ережелері жан-жақты түсіндіріліп, төтенше жағдай кезінде әрекет ету алгоритмдері көрсетілді. Өрт қауіпсіздігі, эвакуациялау тәртібі,

алғашқы көмек көрсету, тұрмыстық қауіптердің алдын алу – барлығы да тәжірибе жүзінде көрсетіліп, тұрғындардың қатысуымен пысықталды. Мұндай іс-шаралар азаматтардың тек ақпарат алып қана қоймай, нақты дағды қалыптастыруына мүмкіндік береді. Мамандардың айтуынша, қарапайым ережелерді сақтау арқылы көптеген қайғылы жағдайлардың алдын алуға болады. Сондықтан түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жалғасып келеді. Құтқарушылардың еңбегі – ерлік пен кәсібиліктің үлгісі. Төтенше жағдайлар қызметкерлерінің жұмысы – қауіп пен үміттің ортасындағы күрес. Олар әрбір шақыртуға дайын, әрбір секундтың адам өмірі үшін маңызды екенін терең түсінеді. Өрт сөндірушілер жалынмен арпалысып, түтінге толы ғимараттардан адамдарды алып шығады. Құтқарушылар жол апаты кезінде көлік ішінде қысылып қалған жандарды босатып, су тасқыны кезінде тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіреді. Кейде олардың әрекеті бір ғана адамның емес, тұтас бір отбасының тағдырын өзгертіп жатады. Бұл – тек мамандық емес, бұл – миссия. Себебі әрбір құтқарушы өз өмірін қатерге



тіге отырып, өзгенің өмірін сақтап қалуға ант берген.

Балалар қауіпсіздігі – басты назарда. Қазіргі таңда қоғамда ерекше алаңдаушылық тудырып отырған мәселелердің бірі – балалар қауіпсіздігі. Соның ішінде, терезеден құлау оқиғалары жыл сайын қайталанып келеді. Бұл жағдайлардың басым бөлігі ата-ананың баласын қараусыз қалдыруынан орын алады. Бір сәттік немқұрайлылық орны толмас қайғыға әкелуі мүмкін. Төтенше жағдайлар қызметі бұл бағытта да белсенді ақпараттық жұмыстар жүргізіп келеді.

Ата-аналарға:

- балаларды қараусыз қалдырмау;
- терезе маңында жиі «аз орналастырмау»;
- арнайы қорғаныс құралдарын орнату;
- москиттік торға сенбеу сияқты қарапайым, бірақ өмірлік маңызы бар ережелер үнемі түсіндірілуде. Халықпен байланыс – тиімді жұмыстың кепілі. Түркістан облысында төтенше жағдайлар қызметі халықпен кері байланыс орнатуға ерекше мән береді. Ашық кездесулер, оқу-жаттығулар, мектептер мен колледждердегі қауіпсіздік сабақтары – осының дәлелі.

Мамандар тұрғындарға газ және электр құрылғыларын дұрыс пайдалану, өрттің алдын алу, алғашқы көмек көрсету жөнінде кеңестер береді. Сонымен қатар, ақпараттық жадынамалар таратып, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға үлес қосуда. Бұл жұмыстардың нәтижесінде халықтың төтенше жағдайларға дайындық деңгейі біртіндеп артып келеді.

Заманауи техника – жедел әрекеттің негізі. Соңғы жылдары төтенше жағдайлар қызметінің материалдық-техникалық базасы айтарлықтай нығайды. Заманауи өрт сөндіру көліктері,

арнайы техника, құтқару құралдары – барлығы қызмет тиімділігін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар да кеңінен енгізілуде. Бұл төтенше жағдайларды алдын ала болжауға, жедел әрекет етуге және басқару процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Қызметтің қадірі – қауіп келгенде білінеді. Көп жағдайда төтенше жағдайлар қызметкерлерінің еңбегі көзге көріне бермейді. Алайда қауіп төнген сәтте олардың маңыздылығы айқын сезіледі. Олар – адамдардың үмітіне айналған мамандар. Әрбір құтқарылған өмір – олардың еңбегінің ең үлкен нәтижесі. Түркістан облысындағы төтенше жағдайлар қызметі – қоғам қауіпсіздігінің сенімді тірегі. Олардың кәсібилігі, батылдығы және адалдығы – мыңдаған адамның өмірін сақтап қалуға бағытталған. Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, алдын алу жұмыстарын күшейту және жедел әрекет ету – бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Өйткені қауіпсіздік – тек бір саланың емес, барша-мызға ортақ құндылық. Ал оны сақтау – әрбір азаматтың міндеті.

Арайлым ӘБСАҒАТ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«QazMetService» ЖШС «Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қапал батыр көшесі, Өндірістік аумағы, 116/1 ғимарат, №45 корпус мекенжайы бойынша түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарынан мыс және болат қорытпаларын өндіру цехы» жобасы бойынша ІІ санаттағы объектіге өсер етуге рұқсат алу үшін материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдау 2026 жылғы 16 маусымда сағат 15:00-де Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қапал батыр көшесі, Өндірістік аумағы, 116/1 ғимарат, №45 корпус мекенжайы бойынша өтеді, Zoom сілтемесі:

<https://us05web.zoom.us/j/2338-273093?pwd=XIjSf9SgcokmSFTiZfpYrhP-N2J4qNS.1&omn=82691804994>

Конференция идентификаторы: 233 827 3093, Кіру коды: z8Rh71.

Өсер ету аумағы:

42°27'1.62"С, 69°73'27.22"В.

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган, «Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі. Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық сайт мекенжайы <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar?lang=ru> сондай-ақ ресми сайт <https://ndbecology.gov.kz/>, электрондық пошта: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz. жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/>. Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері:

«Kaz Prommet» ЖШС, БСН: 250940034017, мекенжайы: Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қапал батыр көшесі, «Оңтүстік» индустриалды аймағы, №33 ғимарат.

Құжаттаманы өзірлеушінің атауы және байланыс деректері: «Каз Гранд Эко Проект» ЖШС, тел. 8(775)3245005 Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі 20 б. БСН 11104000-1588. Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: 87753245005, sholpik@mail.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «QazMetService» проводит общественные слушания по материалам для получения Разрешения на воздействие для объекта II категории по проекту «Цех по производству медных и стальных сплавов из лома и отходов цветных и черных металлов по адресу: г. Шымкент, Енбекшинский район, ул. Капал батыра, территория Ондиристтик, здание 116/1, корпус №45». Слушания состоятся 16 июня 2026 г. в 15:00 по адресу г. Шымкент, Енбекшинский район, ул. Капал батыра, территория Ондиристтик, здание 116/1, корпус №45, ссылка Zoom:

<https://us05web.zoom.us/j/233827-3093?pwd=XIjSf9SgcokmSFTiZfpYrhP-N2J4qNS.1&omn=82691804994>

Идентификатор конференции: 233 827 3093, Код доступа: z8Rh71.

Территория воздействия:

42°27'1.62"С, 69°73'27.22"В.

Местный исполнительный орган ответственный за организацию общественных слушаний – ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент». Адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar?lang=ru>, так же официальный сайт <https://ndbecology.gov.kz/>, электронная почта: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz. Документация по проекту размещена на <https://ndbecology.gov.kz/>. Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: ТОО «QazMetService», БИН: 171140008074, Юр.адрес: г.Шымкент, Енбекшинский район, ул.Капал батыра, территория Ондиристтик, здание 116, Руководитель: Орманов Б.Б. Наименование и контактные данные разработчика документации: ТОО «Каз Гранд Эко Проект», тел 8(775) 3245005 город Шымкент ул.Байтұрсынова 20 б. БИН 111040001588. Дополнительную информацию можно получить по: 87753245005, sholpik@mail.ru

ХАБАРЛАНДЫРУ

КММ «№144 жалпы орта білім беретін мектебі» ҚР Экологиялық Кодексінің талаптарына сәйкес, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, мкр. Туран, 411 ғимарат «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі жобасына жария талқылау жүргізеді. Жария талқылауға шығарылатын материалдармен танысуға болады, ал кейін және жарияланған хаттамамен интернет ресурс арқылы танысуға болады: Ұлттық деректер бюросы қоршаған орта және табиғи ресурстар жағдайы <https://ndbecology.gov.kz/>.

Ескертулер мен ұсыныстар порталда 08.05.2026ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. Байланыс телефондары эл.пошта:

- «Буровые системы» ЖШС жобасын өзірлеуші, БСН 210640039634, ЖСК KZ68601A891000008811 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, тел.87771510355 Kairat6220@mail.ru олар бойынша қосымша ақпарат және жоспарланған қызмет бойынша құжаттардың көшірмелерін алуға болады;

- КММ «№144 жалпы орта білім беретін мектебі» Шымкент қаласы, Каратау ауданы, мкр.Туран 411. БИН: 240640031006, ИИК: KZ58070102KSN5901010 Банк «КОМИТЕТ КАЗНАЧЕЙСТВА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РК», тел. 7 7077107777

ОБЪЯВЛЕНИЕ

КГУ «Общеобразовательная средняя школа №144» в соответствии с требованием Экологического Кодекса РК, проводит публичное обсуждение к проекту раздел «Охрана окружающей среды» на школу расположенный в г.Шымкент, Каратауский район, мкр. Туран 411. С материалами по которой можно ознакомиться, выносимые на публичные обсуждения, а после и с опубликованным протоколом можно по интернет ресурсу: НБД СОС и ПР <https://ndbecology.gov.kz/>.

Замечания и предложения принимаются на портале с 08.05.2026г. в течении 5 рабочих дней.

Контактные телефоны эл.почта:

- разработчик проекта ТОО «Буровые системы» г.Туркестан, БИН 210640039634, ИИК KZ68601A891000008811, АО «Народный Банк Казахстана», тел.87771510355, эл.почта Kairat6220@mail.ru по которым можно получить дополнительную информацию и копии документов по намечаемой деятельности;

- КГУ «Общеобразовательная средняя школа №144» г.Шымкент, Каратауский район, мкр.Туран 411. БИН: 240640031006, ИИК: KZ58070102KSN5901010 Банк «КОМИТЕТ КАЗНАЧЕЙСТВА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РК», тел. 7 7077107777

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Темір Туран Экспорт» ЖШС Шымкент қаласы, Қаратау ауданындағы кірпіш зауытының жоспары үшін рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің (РШН) жобасы бойынша ІІ санатты объектіге өсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өсер ету аумағы: 42°20'08.8"N, 69°48'18.2"E Талқылау күні: 04.06.2026 ж., сағ. 11:00. Талқылау өтетін орны: Шымкент қаласы, Қаратау ауд., Сайрам т.а., 155 үй, кірпіш зауытының директорының кабинеті. Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/3554548375?pwd=SWoQVQby9Orh7LUIKMLmayHUIldh1lW.1&omn=85752254771> Конференция идентификаторы: 355 454 8375

Кіру коды: DXMdk8

Жоба бойынша құжаттама келесі сайтта орналастырылған: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> және «Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar/activities/directions?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады. Жұртшылық ұсыныстар мен ескертпелерді электронды түрде мына мекен-жайға жіберуіне болады: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, қағаз түрінде: Шымкент қаласы, Қаратау ауд., Сайрам т.а., 155 үй. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Темір Туран Экспорт» ЖШС БСН: 131140022964

